


ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, IV

Қоршаған әлем: жан-жануарлар,
адамдар, орындар мен құбылыстар





Мақсаты: қазіргі әдебиеттану ғылымындағы пәнаралық зерттеулердің жаңашыл бағыттарымен танысу.

Тірек сөздер: теория, кеңістік, әлем, жүйе.

Адамзат баласының жаратылысы туралы теория

Әлеуметтанушылар, саясаттанушылар мен мәдениеттанушылар біртіндеп әдебиетке жақындап келеді деп пайымдайды Д. Ривкин мен М. Райан. Элис Манро секілді дарынды жазушылардың туындыларын оқи отырып, біз өмірдің қалай дамып отырғанын тұла бойымызбен сезінеміз. Былайша айтқанда, шығармалардың кейіпкерлерінің өмір тәжірибесін түйсініп, сезімдерін басымыздан өткізе аламыз. Бұл сезімдер үнемі қозғалыс үстінде; олар сурет немесе мүсін емес, белгілі бір уақыт шеңберінде, кеңістікте тұрып қалмаған.

Әлеуметтанушылар дәл осындай пікірді ұсынады, бірақ «жүйе», «құрылым», «идеология» секілді терминдерді қолдана отырып, ақиқаттың абстрактылы аспектілері немесе ақиқатқа жақын кейбір құбылыстарды сипаттауға тырысады. Біртіндеп абстракция мен ақиқаттың арасы жақындай түседі. Әлеуметтанушылар өмірді сипаттаудың жаңашыл тәсілдерін іздеп бағып, әдебиетшілер секілді жазуға үйреніп келеді. Мәдени антрополог Кэтлин Стюарт прозаның квази-қиялдан туған үзінділерін Аппалачи адамдарының өмірін сырттай бақылап, сипаттауда керемет қолданады. Өмірді сипаттаудың жаңаша тәсілдері әлеуметтік ғылымдарда ғана емес, бүкіл ғылымда орын алған өзгерістердің нәтижесі болып саналады.

Тірі әлем

Күні кешеге дейін адам баласы қоршаған әлемді адам субъектісіне қарама-қайшы объект деп біліп келді. Осы ілім гуманитарлы және әлеуметтік ғылымдардың тұжырымдамалары мен тәсілдерінде жиі қолданылады. Біздің менталды ой-санамыз қоршаған ортаны суреттеп қоймай, танымастай етіп өзгертіп жіберді. Әлем мен біздің іліміміздің арасы алшақтап кетті. Бәрі – керемет, тамаша, біз – осы материалды әлемнің ажырамас бөлігіміз, әлем көбінесе субъективтілік сипатқа ие. Әлем – тірі, бактериядан адамзаттың туыс-бауыры деп саналған жан-жануарға дейін тірі. Біздің санамызда адамзат пен қоршаған ортаның арасын ажыратып тұрған шегаралар ақиқатында сирек кездеседі. Мәселен, Бейонсенің концерті – мәдени оқиға болуы мүмкін, сонымен қатар, оны аффективті тәжірибе мен эротикалық іңкәрлікті білдірудің бір тәсілі. Бұл физикалық материал – химиялық әрекет – басқаша формада: дыбыс, қозғалыс, бейне. Сол секілді біз де әлемді танып, ол туралы менталды түсінік қалыптастырамыз. Сол сияқты әлем – Д. Ривкин мен М. Райанның айтуынша, биологиялық әрекет болып саналады. Әдебиет теориясы бойынша пікірталастарға ден қойсақ, біздің менталды танымымыздың биологиялық әсері туралы сөз етілетінін жақсы түсінеміз. Алайда біздің танымымыз көбінесе агрессия немесе нарцисстік энергияға құрылып, эмоционалды аффектілер формасына еніп жатады. Мәселен, табалаушылық сезімі (немесе басқа адамның тұңғыыққа құлауын сырттай бақылап, одан рақат алу).

Қарым-қатынастар мен жүйелілік

Таным субъектісін, яғни адамды объективті әлемге қайшы күйден шығарып, әлемнің ішіне ендіре отырып (жылы суда еріген мұз секілді), пост-гуманистік және жаңа материалистік теориялар субъект-объект дуализмінің арақатынасына өзгеріс ендірді: қоғам мен ғылым, мәдениет пен табиғат, технология мен заттылық, адам мен жануар, қиял мен материя т.б. Адам танымын түсінудің жаңа тәсілінің сипаттайтын термин – қарым-қатынас деп аталады. Заттар бір-бірімен қарым-қатынас жасай отырып, тіршілік етеді. XX ғасырдағы структурализмнің қарапайым идеясының мәні мынада – тіл бірліктері бір-бірімен қарым-



қатынасы жағынан өзгеше немесе ұқсас болып келеді. Тіл бірліктері алғашында философияға көшіп (деконструкцияланып), кейіннен әлеуметтік және физикалық ғылымдарға көшті. Заттар қарым-қатынастар тұрғысынан (өзара және уақыт шеңберінде кеңістікте, өткеннен болашаққа қарай қозғалысы) қабылдана бастады. Келесі бір термин – жүйе деп аталады. Көбінесе, бір объектілер мен оқиғаларды кеңістікте созылған, уақыт шеңберінде өрбитін материалды өрістердің бөліктері деп қарастырылады. Алайда заттар бір күйден екінші күйге өтіп, формасын өзгертіп, жаңашыл конфигурациялар құрады; табиғат мен материя – динамикалық сипатта, ал зерттеуге алынған жекелеген объектілер негізгі қасиеттері мен белгілерінен айрылған.

Қайта өрлеу дәуірінің философиясы аристотелизм туындаған сәттен бастап сана мен материалды әлемнің арасын ажыратып, әлем тұрақты, қарапайым объектінің кез келген формасын қабылдау қабілеті туралы сөз етті. Философияда балама дәстүр қалыптасқан, бірақ уақыт өте келе ғылымдар, математика мен басқа да ілім салаларында сәйкес теориялар мен зерттеу бағыттары туындай бастады.

Демокрит, Лукреция және Гераклит секілді философтардың балама көзқарастары бір-біріне ұқсас келеді, олар физикалық әлемді – динамикалық және күрделі құбылыс деп қабылдады; әлем дана күйіндегі жеке заттар немесе құбылыстардан тұрмайды. Жекелеген объектілер үнемі қозғалыста; олар өзгеріп, түрленіп отырады; олар бір-бірінен бөлек, әрі бір-бірінен ажырамас сфералар мен жүйелерге қатысты; олар уақытша тұрақталған материялар болып саналады, соның нәтижесінде біртіндеп араласып, басқа формаға, күйге енеді. Біздің тәніміз бен миымызды құрайтын материя бір-біріне жақындығы қаншалықты ұзақ болса, өміріміз соншалықты ұзақ бола түседі. Біз кеткен соң, олардың арасы алшақтайды, яғни біз өлеміз. Біз ақыл деп есептейтін сананың қозғалысы – адамның ішкі әлемі мен қоршаған ортаның материясына трансцендентті немқұрайлығы туралы мәселе.

Күрделілік теориясы

Лукрецийден Делезаға дейінгі балама материалистік философиялық дәстүрдегі өзгерістер мен тұрақсыздық бейсызықтық биология мен күрделілік теориясы туралы ғылыми еңбектердің жазылуына негіз болды. Күрделілік теориясының мәні мынада: физикалық әлем динамикалық сипатта және кездейсоқ туындаған. Материяның жаңашыл үйлесімі жаңаша күйлерді туындатып, виртуалды әлеуетті қалыптастырды. Мысалы, гүлдің түсі мыңдаған компоненттерден құрылған, бірақ олар жеке тұрып, гүл бола алмайды. Қаланың орталық алаңында тұрған оннан астам адам – бір отбасы мүшелері болуы мүмкін; ал миллион адам жиналса, алаңда саяси қозғалыс болып жатқандай көрінеді. Гегель сан – сапаны өзгертеді деп есептейді. Біздің миымыздың жасушаларындағы митохондрияның бәрі бірігіп, материя құрайды. Олар жоғары дәрежеде біріккен соң, санаға айналады.

Болмыс – әдеби канон секілді деп пайымдайды Мартин Медоус. Болмыс – бірнеше осьтер, яғни тарих, мәдениет, эстетика арқылы көрінетін күрделі қарым-қатынастар жүйесі. Алайда оның ағымды формасын дөп басып, сипаттауға болмайды. Болмыс уақыт шеңберінде динамикалық тұрғыдан дамиды, бірнеше жыл сайын жаңаша тарихи және мәдени контекстерде қайта өзгеріп отырады. Элис Манро секілді автор уақыт өте келе каноникалық фигура ретінде таныла бастайды. Себебі эстетикалық категориялар эволюцияланады: бұрын-соңды түсіндіруге немесе алдын ала болжамдауға келмеген кейбір өзгерістер орын алады; бұл өзгерістер түсіндіріліп, бағалана бастайды.

Биология біздің органикалық өмірдің жүйелігі мен ағзалардың сингулярлығы туралы түйсігімізді өзгертіп тастады. Ағзалардың шегарасы – түсінікті емес, себебі олардың өмір сүруі қоршаған ортаға байланысты. Қоршаған ортада ағза тән ретінде өмір сүреді, жұтылады, тыныс алады, тіпті танылады. Сәйкестік биологиялық тұрғыдан, міндетті түрде экологиялық және симбиотикалық болып саналады. Біз, адамдар бактериялармен өзара және іштей үздіксіз симбиоз күйінде боламыз. Кез келген ағзаның компоненттері неорганикалық немесе жансыз болып табылады. Өмір жансыз ингредиенттерден туындайды. Адам материядан тұрады. Материя адамға уақытша жалға берілген, себебі ол субъективті емес, ешкімнің еркіне бағынбайды. Соның салдарынан мәдениетті табиғаттан, ойды материядан бөлек алып қарау



мүмкін емес. Сол сияқты «бізді» анықтап беру мүмкін емес, өйткені «біз» бен бізді анықтайтын белгілер арасында ешқандай айырма жоқ.

Адамның тіршілік теориясына қатысты мәселелер

Материя туралы мәдени және физикалық ғылымдардағы жаңа көзқарастардың маңызды сферасы – адамдар мен тіршіліктің басқа да формалары, мәселен жан-жануарлар арасындағы шегара. Материалистік тұрғыдан алғанда, адамдардың табиғаттағы басқа жаратылыстардан айырмашылығы жоқ. Адамды өмірдің басқа формаларымен ортақ материалдылығын қарастыра отырып, жаңа теоретик-материалистер, мәселен, Джорджио Агамбен, Бруно Латур мен Донна Харауэй, жаңа «постгуманистік» көзқарасты ұсынып, адамның табиғатпен етене өмір сүруі туралы түсіндіруге тырысады. Гуманизм адамзат өмірін табиғаттан бөлек алып қарайды, табиғатты басқаруды, әлеуметтік тіршілікті тәртіпке бағындыруды қажет ететін «басқа әлем» деп біледі. Жаңа материалистер болса, керісінше, адамдар мен табиғатты бірбүтін, өзара байланысты материалистік жүйенің бөлігі деп қарауды ұсынады.

Біршама сыни жұмыстар осы идеялар төңірегінде туындады, жан-жануарлар өзекті тақырып ретінде басты мәселе болып қарала бастады. Осындай мысалдардың бірі – Мелвиллдің «Моби Дик» туындысы мен басқа да авторлардың еңбектерін атауға болады. Олардың шығармаларында бейнелеу мәселелері мен міндеттері, мәселен психологиядан тілге дейінгі және гендер мәселесі тыңғылықты қаралды. Айталық, Вирджиния Вульф секілді жазушылар адам мен жан-жануарлардың қарым-қатынасын зерттеу мәселесіне айтарлықтай үлес қосты. Вики Троманхаузердің сөзінше «Миссис Дэллоуэй» туындысындағы жан-жануарлар кездейсоқ сипатталған. Септимус Смит қоршаған ортаны иттің болмысы тұрғысынан танып, грек тілінде ән салған құстарды еститінін, соның салдарынан есінен ауысып, қатаң позитивті ғылыми білімдер шеңберінен шығып кетіп, ақыры өзіне қол жұмсағанда, оқырмандар әжептеуір жанашырлық танытады. Қатаң позитивті ғылыми білім бейнесіндегі дәрігер – объективті ғылымның гуманитарлы лабораториясын сипаттайды. Дәрігер басты кейіпкердің өзіне қол жұмсауына сеп болады. Ол – кісі өлтіруші қылмыскер.

Адамның категория мен идеал ретіндегі мәнін түйсінудің тағы бір тәсілі – оны тәндік және когнитивті нормализм туралы түсінік тұрғысынан қарастыру. Қалыптылық физикалық және когнитивті ауытқуы бар жекелеген тұлғалардың (мәселен, аутизмге шалдыққан) маргинализациясы, оқшаулануы және орнығуы секілді тәжірибелерді білдіреді. Бірқатар сыни және теориялық мәселелер мүгедектілікті зерттеуге бағытталған пікірталастардың төңірегінде қаралады. Кейбір ғалымдар физикалық мүмкіндіктің шектелуі мен қабілетсіздігі норма деп саналатын әлеуметтік механизмдермен үйлескен тұжырымдар ретінде қарастырады. Физикалық сипаттама нәсілдік артықшылық туралы дискурстар аясында туындайтын бағалау тұжырымдамаларды жасау мақсатында қолданылады. Германияның Бірінші дүниежүзілік соғыс және Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы нацистік тәжірибелері физикалық сұлулық нормаларын проекциялап, физикалық кемшіліктері бар адамдар тобын бағындыру әрекетімен ерекшеленді. Аблеимнің идеалдары мен нормалары сының объектісі ретінде таныла бастады. Жұмысқа қабілетсіздік мәселелері бойынша басқа да теоретиктер мүмкіндігі шектеулі адамдарға және олардың құқықтарын кеңейту мен медициналық қызметке қолжетімділігіне көңіл бөледі. Медициналық гуманитарлы ғылымдар медициналық дискурсты әдеби сыни дискурсқа ендіруге тырысады. Басқа теоретиктер мүгедектілік идеясын басшылыққа алып, мүмкіндігі шектеулі адамдар мен салауатты адамдар арасындағы айырмашылықты көрсету мақсатын көздейді. Материалистік тұрғыдан ешқандай норма деген болмайды; тек әртүрлі мүмкіндіктер мен шығармашылық итерациялар (қайталаулар) ғана бар. Олардың кейбірі қазіргі заманғы мажорантты стандартқа сәйкес келеді. Эволюциялық тұрғыдан, біз бәріміз – мутантпыз. Генетикалық норма деген болмайды, тек тұрақсыз, әлсіз, уақытша механизмдер ғана болады.

Біз өлген кезде қоршаған ортамен үйлесім тауып, айналамыздағы жермен араласып кетеміз. Алайда бүкіл өмірімізде гуманитарлы қиялға ұрынып, өзімізді жер материясынан бөлекпіз деп ойлаймыз. 1960 жылдары экологтар осы шектеулі гуманитарлы тұжырымға қарсы шығып,



адамзат баласының болашағы мен жердің ары қарай тіршілік етуі үшін хомо сапиенс өмір сүретін материалды әлемге ден қою керектігін ұсынады. 1970 жылдары Шарон Глотфельти, Гарольд Фромм мен басқалар әдеби зерттеулерге экологиялық мәселелерді ендіреді. Алғашында экосыни қозғалыстар жер бетінде өрбіп, әдебиетте жер немесе ландшафтты бейнелеу тәсілі басты назарға алынды. Кейіннен биоаймақтық зерттеулер бойынша мамандар физикалық және экономикалық аймақтардың түйісу тәсілдерін қарастырып, әлеуметтік тап пен географиялық күй әдебиеттің маңызды аспектісіне айналып, адам баласының өмірін сипаттауда белсенді қолданыла бастады. Айталық, «Менің Антониям» атты еңбегінде Уилли Кэсер иммигранттардың қатаң, бірақ қолайлы ландшафттағы өмірін сипаттайды. Олардың кейбірі ін секілді үйшік жасап алып, құдды жануарлар секілді жер үстінде өмір сүруде. Біртіндеп дами отырып, иммигранттардың кейбірі қалаға көшіп, жаңа өмір жағдайларына бейімделіп, ақша арқылы өмір сүруге үйрене бастайды. Антония белгілі бір деңгейде сұлу жануар ретінде суреттеліп, қалалық қыздарға қарама-қайшы қаралады.

Жаңа материализм мен биомәдениетке деген жаңаша акценттің салдары – мәдениет пен табиғаттың бір-бірінен ажырамайтын бір бүтін деп танылуы. Ғылым мәдениеттің материалдылығын дәлелдеп отыр. Дискурсты зерттей отырып, сөз миға физикалық әсер ететінін, мидың әртүрлі бөліктері сөзді әртүрлі қабылдайтыны туралы қорытынды жасауға болады. Алайда мидың материясы әртүрлі деңгейде мәдениетке тікелей байланысты болып келеді. Ми біртіндеп эволюцияланды, мәдени ортаның семиологиялық сілтемесі формасында ары қарай дамымаса, жоғары мүмкіндіктерге дейін жетіле алмайды. Эволюция әлеуметтік білімді биологиялық өмірдің ажырамас бөлігіне айналдыра алды.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Қазіргі заманғы әдебиет теориясы мен әдебиет сынында әдебиеттанушылық зерттеулердің аясы қандай өзекті мәселелер арқылы кеңейді?